

Қан тапсыру-қайырымды іс



Мақсаты:

- қатерлі дертке шалдыққан жандарға үміт сыйлау, оларға қолдау көрсету,;
- әр адам бойында мейірімділік, қамқорлық таныту қасиеттерін қалыптастыру;
- жиынға қатысушыларды қан тапсырып, көмекке мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге шақыру;



- **Донорлық** (донаре латынша - сыйлау) - қанға мұқтаж ауруға адамның өз қанын, немесе компоненттерін ерікті түрде беруі. Тіпті медициналық препараттар жасау үшін де донорлардың қаны пайдаланылады. Шифрі МКБ-10 352.0.
- Әлемде қан құюға жыл сайын миллиардтаған адам мұқтаж болады. . Қан күйікке шалдыққандарға және жарақаттанғандарға керек болады. Күрделі операциялардың өткізу кезінде, ауыр босануларда қан құйылады. Ал гемофилиямен және қаны аздықтың ауруына шалдыққандарға - өмірдің сақтап тұру үшін керек. Сонымен бірге химиотерапия кезінде онкологиялық ауруларға қажет. Өмірде әрбір үшінші тұрғын бір рет донорлық қанды қажетсінеді дейді статистика.



□ *Донор – бейбіт күнде ерлік жасаудың ерен үлгісін көрсетуші. Санаулы сәттерде қан беру арқылы бір өмірді аман алып қала алады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуі бойынша 1000 адамға шаққанда 50-60 донордан келеді екен. Ал, Қазақстанда бұл көрсеткіш небәрі 16-17 адамды құрайды. Бұл дегенің – аз көрсеткіш.*



Донорлық



Аутодонорлық

Аутоплазма



Аутодонорлық

Аутодонорлық - жоспарлы операцияның алдында емделушінің өз қанын алдын ала дайындау. Бөтен қанның құылуы организм үшін стресс болып табылады, аутодонорлық негативті эффекттерді минимумға түйістіруге мүмкіндік береді.

Аутоплазма

Меншікті қанның алдын ала даярланылған плазмасы. Босануға көмектесуде және тағы басқа операцияларда қолданылады.

Кімдер донор бола алады:

- 18 жастан асқан дені сау, медициналық тексерістен өткен және қарама-қарсылықтар жоқ, медициналық мақсаттар үшін қан және оның құрылымдарын тапсыруға ерікті тілек білдірген кез келген адам **донор бола алады.**



Кімдер донор бола алмайды:



- Егер де Сіз вирустық гепатитпен, туберкулезбен, мерезбен, бруцеллезбен ауырған болсаңыз;
- Егер Сізде АИТВ-инфекциясы, жүрек аурулары, онкологиялық аурулар, эпилепсия, гемофилия, қант диабеті болса;
- Егер Сіз процедураға дейін (48 сағат) алкоголь қабылдаған болсаңыз;
- Егер Сізде 3 күн ішінде жағымсыз сезім болса;
- Егер Сіз процедураға дейін (72 сағат) құрамында анальгетиктері бар аспирин, анальгин секілді тағы басқа препараттарды қабылдаған болсаңыз;
- Егер Сіз соңғы 1 ай ішінде ЖРВИ, тұмаумен немесе тамақ ауруларымен ауырған болсаңыз;

ДОНОР БОЛАРДЫҢ АЛДЫНДА МЫНАЛАРДЫ БІЛГЕН ЖӨН :

- донор 50 кг-нан кем болмауы тиіс.
қан берер алдында өлшенген дене температурасы 37°
С жоғары болмауы тиіс;
рұқсат етілетін систоликалық қысым – 90 нан 160
сын.бағ. мм, диастоликалық- 60 тан 100 дейінгі сын.
бағ.;
жүрек қағысының рұқсат етілетін жиілігі – тамыр
соғысының жиілігі минутына 50-100 соғыс.

- **ҚАН ТАПСЫРУ ПАЙДАЛЫ МА, ЗИЯН БА?**
- *Қан тапсыру адам ағзасына оң әсерін тигізіп, жүрек қызметін жақсартады. Сонымен қатар ас қорыту бұзылыстарын ретке келтіріп, бауыр мен ұйқы безінің жұмысын қанды жаңарту арқылы залалсыздандырады. Сондай-ақ, тұрақты донорлардың бет-ажары жарқырап тұрады. Жілік майын жақсартып, ағзаға оң пайдасын тигізеді. Тұрақты түрде қан өткізіп тұратын адамның өмірі кемінде 5 жылға ұзарады. Оның үстіне қан өткізер кезде толық тексеруден өтетіндіктен түрлі ауруларды ерте кезеңнен анықтауға мүмкіндік бар. Қанды жылына 5 ретке дейінгі тапсыру зиянсыз екенін дәрігерлер үнемі ескертіп отыруды дағдыға айналдырған.*

